

Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің нарығындағы өнімнің бірыңғай айналым белгісін қолдану туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 14 қыркүйектегі N 809 Қаулысы

Р Қ А О - ның ескертпесі!

Келісім қолданысын тоқтатты - ҚР 24.12.2014 N 266-V Заңымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. 2006 жылғы 19 мамырда Минск қаласында жасалған Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің нарығындағы өнімнің бірыңғай айналым белгісін қолдану туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министри

Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің нарығындағы өнімнің бірыңғай айналым белгісін қолдану туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Еуразиялық экономикалық қоғамдастығына (бұдан әрі - ЕурАЗЭК) мүше мемлекеттердің үкіметтері, 1999 жылы 26 ақпандығы Кеден одағы және Бірыңғай экономикалық кеңістік туралы шартты және 2000 жылғы 10 қазандағы Еуразия экономикалық қоғамдастығын құру туралы шартты басшылыққа ала

о т ы р ы п ,

өзара саудадағы негізсіз шектеулерді жоюға ұмтыла отырып, әкелінетін өнімнің адам өмірі мен денсаулығы, қоршаған орта үшін қауіпсіздігі мен сапасының кепілдіктерін қамтамасыз етуде өзара мүдделілікті ескере отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісім мақсаттары үшін пайдаланылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:

"**ЕурАЗЭК-қа мүше мемлекеттердің нарығындағы өнімнің бірыңғай айналым белгісі**" , "бірыңғай айналым белгісі" - сатып алушыларды айналымға шыгарылатын өнімнің ЕурАЗЭК-тың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестігі туралы хабардар ету үшін қызмет ететін белгілеу;

"**өнімнің сәйкестігін растау**" - өнімнің ЕурАЗЭК-тың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестігін құжаттамалық куәландыру;

"**өнім**" - материалдық-заттай нысанда ұсынылған және шаруашылық пен өзге де

мақсаттарға одан әрі пайдалануға арналған қызмет нәтижесі; "ЕурАЗЭҚ-тың техникалық регламенті" - ЕурАЗЭҚ шеңберінде қабылданған және өнімге қолдану мен орындау үшін міндетті талаптар белгілейтін құжат.

2-бап

Еуразиялық экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердің нарығындағы өнім айналымының бірыңғай белгісі ЕурАЗЭҚ техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келетін өнімді таңбалау үшін қолданылады.

3-бап

Бірыңғай айналым белгісінің нысаны мен мөлшері, сондай-ақ олармен өнімді таңбалау тәртібі ЕурАЗЭҚ-тың Мемлекетаралық кеңесі (үкімет басшылары деңгейінде) бекітетін, ЕурАЗЭҚ-қа мүше мемлекеттердің нарығындағы өнімнің бірыңғай айналым белгісі туралы ережеде белгіленеді.

4-бап

Бірыңғай айналым белгісімен таңбаланған өнім одан өнім айналымға (өткізуғе) түсетін ЕурАЗЭҚ-қа мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен ресімделген сәйкестікті раставу туралы құжаттарды қайта ресімдеместен ЕурАЗЭҚ-қа мүше мемлекеттердің аумағында откізіледі.

5-бап

Осы Келісім өнімді ЕурАЗЭҚ-қа мүше мемлекеттердің аумағына әкелу (әкету) кезінде санитарлық, ветеринарлық және фитосанитарлық шараларды қолдану мәселелерін қозғамайды.

6-бап

Бірыңғай айналым белгісімен таңбаланған өнімнің ЕурАЗЭҚ техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестігі ол шығарылатын ЕурАЗЭҚ-қа мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен расталуы тиіс.

7-бап

Тараптардың уәкілетті органдары осы Келісімді іске асыру кезінде туындаған анықталған бұзушылықтар туралы бір-бірін хабардар етеді және бірыңғай айналым белгісімен таңбаланған өнімнің ЕурАЗЭҚ техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкесіздігі анықталған жағдайда өз мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес шаралар

қа б ы л д а й д ы .

Өнімді бірыңғай айналымның белгісімен таңбалауға өнімді дайындаушы (жеткізуші) жауапкершіліктен болады.

8-бап

Осы Келісімнің ережелерін қолдануға немесе түсіндіруге байланысты даулар Тараптар арасындағы консультациялар және келіссөздер жолымен шешіледі.

9-бап

Тараптардың уағдаласуы бойынша осы Келісімге жекелеген хаттамаларымен ресімделетін өзгерістер енгізілуі мүмкін.

10-бап

Тараптардың кез келгені осы Келісімге депозитарийге бұл туралы жазбаша хабарлау жолымен шыға алады. Бұл Тарап үшін осы Келісімнің қолданылуы депозитарий осындай хабарламаны алған күнінен бастап 6 айдан кейін тоқтатылады.

ЕурАЗЭҚ-тың Интеграциялық комитеті осы Келісімнің депозитарийі болып табылады.

11-бап

Осы Келісім депозитарийдің Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік ресімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны алған күнінен бастап күшіне енеді.

Минск қаласында 2006 жылғы 19 мамырда орыс тілінде бір түпнұсқа данада ж а с а л д ы .

Түпнұсқа дана әрбір Тарапқа оның куәландырылған көшірмесін жіберетін ЕурАЗЭҚ Интеграциялық комитетінде сақталады.

Беларусь

Республикасының

Үкіметі үшін

Ресей

Федерациясының

Үкіметі үшін

Қазақстан

Республикасының

Үкіметі үшін

Тәжікстан

Республикасының

Үкіметі үшін

Қырғыз

Республикасының

Үкіметі үшін

Өзбекстан

Республикасының

Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК